

5.3. Ата-аналарға (тәрбиешілерге) арналған ұсынымдар

8-кесте.	
<p>егер анасы баласын емізбесе, оған мынадай кеңес беріңіз:</p> <p>Баланы емізген кезде бауырыңызға тартып, балаға қарап, онымен сөйлесіңіз немесе ән айтыңыз.</p> <p>егер тәрбиешілер баламен ойнау немесе қарым-қатынас жасау үшін не істеу керектігін білмесе:</p> <ul style="list-style-type: none"> ◇ Тәрбиешілерге балалардың туған сәттен бастап ойнайтынын және қарым-қатынас жасайтынын айтыңыз. ◇ Баланың іс-әрекетке қалай жауап қайтаратынын көрсетіңіз. 	<p>егер бала жауап қайтармаса немесе «тежеліп қалған» секілді көрінсе:</p> <p>Баламен ойнау немесе қарым-қатынас жасау үшін отбасын қосымша тапсырмаларды орындауға итермелеңіз.</p> <p>Баланың көру, есту қабілеттерін тексеріңіз.</p> <p>Проблемалары бар баланы арнайы қызметтерге жіберіңіз.</p> <p>Отбасы мүшелерін балаға қол тигізу және қозғалыстар арқылы, сондай-ақ онымен сөйлесе отырып ойнауға және қарым-қатынас жасауға итермелеңіз.</p>
<p>егер тәрбиешілер баламен ойнап, қарым – қатынас жасау үшін өздерінің жүктемелері көп немесе стрестік жағдайда жүрміз деп санаса:</p> <p>Тәрбиешілердің өз сезімдері туралы айтқанын тыңдаңыз, олардың сезімдерін бөлісе алатын және балаға байланысты оларға көмектесе алатын негізгі адамды анықтауына көмектесіңіз.</p> <p>Қарапайым тапсырманы орындай алатын қабілеттерін көрсете отырып, олардың өздерін сенімді сезінуіне мүмкіндік беріңіз.</p>	<p>егер анасының немесе әкесінің баланы белгілі бір уақытқа біреумен қалдыруына тура келсе:</p> <p>Балаға жылуы мен ықыласын төгіп, үнемі қамқорлық жасай алатын, кем дегенде бір адам табыңыз.</p> <p>Балаға оның жаңа адамның қасында қалу қажеттілігіне бірте-бірте үйрену мүмкіндігін беріңіз.</p> <p>Баламен мүмкіндігінше көбірек уақыт өткізу қажеттігіне анасы мен әкесінің көзін жеткізіңіз.</p>
<p>егер тәрбиешілер баламен ойнап, қарымқатынас жасауға уақыты жоқ екенін сезінсе: Оларға ойын мен қарым-қатынас жасауды балаға қамқорлық көрсетудің басқа элементтерімен қосуды ұсыныңыз.</p> <p>Басқа отбасы мүшелерінен балаға қамқорлық жасауға немесе ата-аналарға үй шаруасын істеуге көмектесуді сұраңыз.</p>	<p>егер балаға қатал қарайды деген пікір пайда болса:</p> <p>Баламен қарым-қатынас жасаудың неғұрлым дұрыс әдістерін ұсыныңыз.</p> <p>Отбасын баланы жақсы мінез-құлқы үшін мақтауға мүмкіндік іздеуге итермелеңіз.</p> <p>Баланың сезімін сыйлаңыз. Баланың жабырқау және ашулану себептерін түсінуге тырысыңыз.</p> <p>Балаға тек «болмайды» деп айтпай, немен айналысатынын таңдау мүмкіндігін беріңіз.</p>
<p>егер тәрбиешілердің баламен ойнауға ойыншықтары жоқ болса, онда мыналарға кеңес беріңіз:</p> <p>Күнделікті тұтынатын кез келген таза әрі қауіпсіз заттарды пайдалануға пайдалануға.</p> <p>Баламен ойнауға. Бала тәрбиешілермен және басқа балалармен ойнай отырып, үйренетін болады.</p>	

БалаНЫҢ дамуЫНа қалаЙ қамқорлық жасау керектігі туралы ОтбасыНа Берілетін ұсынымдар

9-кесте.

6 АЙҒА ДЕЙІН

Ойнаңыз. Балаңыздың туылған кезінен бастап көруіне, естуіне, сезінуіне, қозғалтуына мүмкіндік беріңіз. Балаңыз ұмтылуы үшін оған үлкен, көрнекі заттарды беріңіз, сонымен қатар бала оны зерттеп қарауы үшін жаңа заттар беріңіз.



қарым-қатынас Жасаңыз Туған бойдан баланың көзіне қарап, оған күлімсіреп қараңыз. Баланы емізіп отырғанда онымен әңгімелесіңіз.

Бала өскен сайын онымен көбірек әңгімелесіңіз, әңгімелескен кезде түрлі дыбыстарды немесе ишараларды пайдаланыңыз.



6 АЙДАН 12 АЙҒА ДЕЙІН

Ойнаңыз. Балаңыздың қолына ол қолына ұстап, тарсылдатып, лақтыра алатындай таза, қауіпсіз тұрмыстық заттарды беріңіз.



қарым-қатынас Жасаңыз

Балаңыздың шығарған дыбыстарына және оның қызығушылықтарына жауап қайтарыңыз.

Балаға заттар адамдардың

мен атын

атаңыз.



12 АЙДАН 2 ЖАСҚА ДЕЙІН



Ойнаңыз Балаңызға бір-бірінің үстіне жинауға, қалауға немесе одан суырып алуға болатын мөлшері әр түрлі заттарды беріңіз.



қарым-қатынас Жасаңыз Балаңызға қарапайым сұрақтар қойыңыз. Балаңыздың сөйлегісі келген әрекетіне жауап қайтарыңыз. Балаңызға заттар мен адамдардың аттарын айтыңыз. Онымен қарапайым ойындарды ойнаңыз.

12 АЙДАН 2 ЖАСҚА ДЕЙІН

Ойнаңыз. Балаңыздың заттарды санап, атап, салыстыруына көмектесіңіз. Балаңызға қарапайым ойыншықтар жасап беріңіз.



қарым-қатынас Жасаңыз Балаңызды сөйлетуге тырысыңыз. Оның сұрақтарына жауап беріңіз. Балаңызды оқиғаларды айтуға, ән айтуға және ойнауға үйретіңіз.

